

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	012
Жинақтағы беттері	47-50
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 338
Секция	Секция IV. I Жұмысшы кәсіптері-экономикалық өсу мен дамудың драйверлері // Рабочие профессии - драйверы экономического роста и развития
Автор(лар)	Аманкелді Ернұр Қайдарұлы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, магистр, аға оқытушы Токтарова М.А.
Мақала атауы	ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БУХГАЛТЕРИЯНЫ ДАМУ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

асыру Қазақстанның Еуразиядағы транзиттік хаб ретіндегі ұстанымын нығайтуда нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы жариялаған жұмысшы мамандықтар жылын да маңызды бағыт деп атауға болады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша көліктің барлық салаларында оң серпін байқалатынын көруге болады. Теміржол көлігі саласында тасымалдау көлемінің өсуі 2% - құрады. Жүк айналымы 272 миллиард тонна-километрге жетті. Транскаспий халықаралық көлік бағыты бойынша тасымалдау көлемі 62% - ға өсті [6].

Көлік инфрақұрылымының проблемалық мәселелері ретінде логистикалық маршруттарды дамыту, жаңғырту, көлік қызметтерін цифрландыру және тасымалдау қауіпсіздігін арттырудың басым міндеттері белгіленді. Жол желісін жақсартуға, теміржол және авиациялық қатынастарды дамытуға, сондай-ақ Қазақстанның халықаралық көлік дәліздеріне интеграциялануына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға ерекше назар аударылды. Алға қойылған мақсаттарға жету үшін, соның ішінде Қазақстанның көлік саласын одан әрі дамытуға, оның бәсекеге қабілеттілігі мен инвестициялық тартымдылығын арттыруға бағытталған міндеттерді жүзеге асыруда күш-жігер біріктіріп, барынша нәтижеге қол жеткізу үшін үйлесімді жұмыс істеу керек.

Осылайша, Қазақстан Республикасы халықаралық көлік жолдарының қиылысында бола отырып, көлік тасымалдарын дамыту үшін жақсы жағдайларға ие. Құрылған Еуразиялық экономикалық одақ кедендік аумақ ішіндегі тауарлар мен қызметтердің қозғалысы жолында кедендік шекараларды жоюды білдіреді, бұл ретте экономикалық белсенділік пен тауар айналымы артады.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Рамазанов А.Б., Мухамадеева Р.М. Анализ грузовых железнодорожных перевозок в Казахстане. Международный научный журнал «Вектор научной мысли» №1(18) Январь 2025.

2. Го Шухун. Международные грузоперевозки в Республике Беларусь: транзит и логистика / Го Шухун, Дин Ионьцзянь, Г. В. Турбан // Вестник Белорусского государственного экономического университета. - 2016. - № 1. - С. 18-23.

3. Жылдық есеп / 2023 «Самұрық-Қазына» АҚ.
https://sk.kz/upload/iblock/000/SK_go2023_kaz.pdf

4. Қазақстандық жүк тасымалындағы теміржол үлесі – 50 пайыз//
<https://sknews.kz/news/view/kazakstandyk-ghyk-tasymalyndagy-temirghol-ylesi--50-payyz>

5. Қазақстан мен Қытай теміржолшылары жүк тасымалын ұлғайту мәселесін талқылады
<https://rail-news.kz/kz/cargo-transportation/19875-qazaqstan-men-qytai-temirzolsylary-zuk-tasymalyn-ulgaitu-maselesin-talqylady.html>

6. Ровба Л. Объединить усилия для достижения целей// Газета Қазақстан теміржолшысы, №12 (3051) 18/02/2025, стр 1-2.

ӘОЖ 338

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ БУХГАЛТЕРИЯНЫ ДАМУ

Аманкелді Ернұр Қайдарұлы
yernuramankeldi@gmail.com

«Есеп және аудит» білім бағдарламасының 3 курс студенті
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, магистр, аға оқытушы Токтарова М.А.

Қазіргі таңда бухгалтерлік есеп жүйелері автоматтандырылып, ақпараттық технологиялардың көмегімен жаңартылуда. Солардың бірі жасанды интеллект пен блокчейн

технологиясы.

Бухгалтерлік есепте жасанды интеллектті қолдану оның болашағын жұмыс орындарына тікелей әсер ету арқылы қалыптастырады. Өйткені, бухгалтер әрқашан талдаушы болған және бүгінде бұл деректер мен клиенттер арасында шешуші рөл атқарады. Бухгалтердің рөлі мен оның қызметтеріне сұранысқа жаңа технологиялар әсер етеді, олар өзгерістердің негізгі қозғаушысы болып табылады. Үлкен деректер технологиялары мен бұлтты есептеулерді қолдану кәсіпорынның ішінде де, сыртында да үлкен көлемдегі деректерді жинауға және талдауға мүмкіндік береді. Бұл бухгалтерлік есепті дәл және тиімді өңдеуді, тәуекелдерді бақылауды және болашақты болжауды қамтамасыз ету арқылы интеллектуалды қаржылық талдау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Бухгалтерлік есепті цифрландырудың негізгі бағыттарын кесте түрінде ұсынуға болады.

Кесте 1 - Бухгалтерлік есепті цифрландыру

Есептік процесс	Технологии
Қаржылық есептілік	Blockchain
Тізілімдер	Роботтандыру
Бастапқы құжаттар	Цифрлық көшірме

*Ескерту. Ресми деректер негізінде автормен құрастырылған

Жасанды интеллект (AI) технологиясы түрлі салаларда кеңінен қолданыс тауып, бухгалтерлік есеп пен қаржы секторын да қамтуда. AI көмегімен негізгі тапсырмаларды өңдеу жылдамдығын арттырып, күнделікті жұмыс процестерін автоматтандыруға болады. Бұл бухгалтерді толықтай алмастырады дегенді білдірмейді, бірақ, оның жұмысын айтарлықтай жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Қаржы бөлімі мен бухгалтерияда AI қолдану жолдары:

Қаржылық кеңес беру – OpenAI немесе BloombergGPT секілді AI чат-боттары клиенттерге алдын ала дайындалған шаблондар бойынша қаржылық кеңес бере алады.

Автоматты хабарламалар – боттардың көмегімен контрагенттерге төлем мерзімдері, есептілікті тапсырудың алдағы күндері туралы ескерту хабарламаларын жіберуге болады.

Әр түрлі құжаттарды өңдеу және талдау (жылдық есептерді, компанияның кірістері мен шығындары туралы деректерді талдау және т.б.) [1].

Қаржылық болжамдар жасау (бот белгілі бір оқиғалар арасындағы мүмкін болатын қатынастарды табу, бағаның өсуін болжау, қаржы нарығындағы оқиғаларды модельдеу үшін ақпараттың үлкен көлемін тез талдай алады);

Қаржылық коэффициенттерді автоматты түрде есептеу, тауарлық-материалдық қорлардың айналымын талдау, құжаттарды белгіленген нормаларға сәйкестігін авто тексеру, ақпаратпен (ОПиУ, ДДС және т. б.) бұрын жасалған шаблондар негізінде қаржылық есептерді автоматты түрде жасау, ықтимал заңсыз қаржылық операцияларды анықтау, алаяқтықпен күресу.

Қаржы саласында AI қолдану мүмкіндіктері өте кең. Ол үлкен деректерді жылдам өңдеуге, болжам жасауға, заңсыз операцияларды анықтауға және құжаттардың сәйкестігін тексеруге мүмкіндік береді. Тіпті шағын күнделікті процестерді автоматтандырудың өзі бизнес-процестерді айтарлықтай жеңілдетіп, тиімділікті арттыра алады.

Нейрондық желілерді келесі себептерге байланысты пайдалануға болады:

- *Күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру.* Нейрондық желілер құжаттарды жіктеу, шот-фактураларды тану, жалақы төлеу сияқты мәселелерді тез және дәл шеше алады, бұл уақытты үнемдейді.

- *Дәлдікті арттыру.* Бухгалтерлік есептегі жасанды интеллект қаржылық деректердегі күрделі заңдылықтарды анықтайды, бұл болжамдардың, қаржылық талдаудың және шешім қабылдаудың дәлдігін арттырады.

- *Деректердің үлкен көлемін өңдеу.* Желілер үлкен қаржылық мәліметтер базасымен жұмыс істейді, бұл ақпаратты табуды және талдауды жеңілдетеді.
- *Алаяқтықты анықтау.* Нейрондар күдікті қаржылық операциялар мен ықтимал алаяқтықты анықтайды, бұл бақылауды күшейтуге көмектеседі.
- *Қызметтерді жекелендіру.* Нейрондық желі құралдары бухгалтерлік қызметтерді клиенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімдейді.
- *Болжауды жақсарту.* Бухгалтерлік есепте AI қолдану дәлірек қаржылық болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің басты артықшылықтарының бірі – "адам факторынан" туындайтын қателіктерді болдырмау. Назар аудармау, немқұрайлылық немесе шаршау салдарынан жіберілетін қателерді AI жүйелері жоя отырып, қаржылық есептіліктің дәлдігі мен уақтылығын қамтамасыз етеді.

Блокчейн (blockchain) – бұл транзакциялардың немесе басқа да мәліметтердің өзгертілмейтін тізбегі болып табылатын таратылған және қауіпсіз деректер базасы. Ол әрбір блоктың алдыңғы блокпен криптографиялық байланыста болуымен ерекшеленеді. Блокчейн алғашында Bitcoin криптовалютасының негізінде жасалды, бірақ қазір ол әртүрлі салаларда қолданылады, оның ішінде қаржы, логистика, медицина және мемлекеттік қызметтер бар [1].

Эрик Асгейрссон, CPA.com және AICPA технологиялық бөлімінің бас директоры, кейбір бухгалтерлер мен аудиторлар блокчейн технологиясы олардың жұмыс орындарын алмастырады деп алаңдайтынын атап өтті. Дегенмен, ол блокчейн бухгалтерлік есептің жойылуына емес, оның дамуына ықпал ететінін айтады.

Асгейрссонның пікірінше, блокчейн қауіпсіз және мөлдір дерекқор ретінде қызмет етеді, бірақ бұл бухгалтерлердің толықтай жұмыссыз қалатынын білдірмейді. Керісінше, технология аудит және қаржылық есептілік процестерін жетілдіріп, бухгалтерлерге стратегиялық міндеттерге көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Бұл пікірді көптеген бухгалтерлік фирмалар қолдайды. Олар блокчейнді енгізу деректерді тексеруді жеңілдетіп, қаржылық есептіліктің дәлдігі мен сенімділігін арттыратынын алға тартады. Сонымен қатар, CPA мамандары үшін жаңа мүмкіндіктер туындап, блокчейн аудиті сияқты салалар дами түседі, яғни, бухгалтерлік мамандық блокчейннің әсерінен жойылмайды, керісінше, технология оны тиімдірек етеді [2].

Аудиторлық кәсіптің блокчейнді қолданудағы келесі маңызды қадамы-технологияны бейімдеу және оны реттеушілердің мақұлдауы. Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссияның бас бухгалтері Уэсли Брикердің айтуынша, Office of the Chief Accountant комиссиясы қазір блокчейн технологияларын зерттеуге уақыт бөлуде және бухгалтерлік есеп мамандарын да солай етуге шақырады. Нью - Йорктегі financial Executives халықаралық конференциясында сөйлеген сөзінде Брикер: "бухгалтерлік қызметпен айналысатындардың технологиялар мен сауда саласындағы жаңа тенденциялар мен әзірлемелерді түсінуге, олардың инвесторлар үшін қаржылық есептілікке ықтимал әсерін анықтауға уақыт бөлуі маңызды" – деді [3].

Блокчейн бухгалтерияны дамытуда қандай пайда әкеледі деген сұраққа жауап беріп көрейік.

1. Деректердің қауіпсіздігі мен мөлдірлігі. Блокчейн технологиясы транзакцияларды өзгерту мүмкін болмайтындай етіп тіркейді. Бұл бухгалтерлік есептің сенімділігін арттырып, қаржылық алаяқтықтың алдын алады. Барлық операциялар шифрланған және ашық тізбекке енгізілетіндіктен, сыртқы манипуляция мүмкіндігі азаяды.

2. Аудит процесін автоматтандыру. Блокчейн аудиторларға транзакцияларды нақты уақыт режимінде тексеруге мүмкіндік береді. Қаржылық есептіліктің әрбір жазбасы өзгермейтін блоктарда сақталғандықтан, аудит жылдам және сенімді болады. Бұл компаниялардың аудит шығындарын азайтуға көмектеседі.

3. Бухгалтерлік операцияларды жеделдету. Бухгалтерлік есепте деректерді өңдеу және сәйкестікті тексеру үшін көп уақыт кетеді. Блокчейн смарт-келісімшарттар (smart contracts) арқылы шот-фактураларды автоматты түрде тексеріп, төлемдерді орындауға мүмкіндік береді.

Бұл бухгалтерлердің жұмысын жеңілдетеді.

4. Құжаттарды сақтау және басқару. Бухгалтерияда құжаттардың дәлдігі мен сақталуы өте маңызды. Блокчейн арқылы келісімдер, шот-фактуралар, қаржылық есептер орталықтандырылмаған, өзгермейтін ортада сақталады. Бұл қағазбастылықты азайтып, есептің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

5. Салық есебін жеңілдету. Блокчейн арқылы салықтық есептілік автоматтандырылып, мемлекетке ұсынылатын мәліметтердің дәлдігі артады. Бұл бизнеске айыппұлдардан аулақ болуға және салықтық қателерді азайтуға көмектеседі.

6. Алаяқтықпен күрес. Блокчейн барлық операцияларды тіркейтіндіктен, жасанды бухгалтерлік есептер жүргізу немесе қаржылық манипуляциялар жасау қиындайды. Бұл әсіресе қаржылық бақылау мен аудит саласы үшін үлкен артықшылық [4].

Жасанды интеллект (AI) пен блокчейн бухгалтерияны автоматтандыру және қауіпсіздікті арттыру үшін біріктірілуі мүмкін.

Жасанды интеллект (AI) пен блокчейн технологиясын бухгалтерияда қолданатын компаниялардың бірнеше мысалын қарастыруға болады. Deloitte және PwC сияқты ірі бухгалтерлік фирмалар блокчейнді аудит саласында пайдаланып жатыр. Deloitte нақты уақыттағы транзакцияларды тексеруге арналған платформалар жасап, алаяқтықтың алдын алуға көмектесетін шешімдер ұсынуда. PwC де аудит тиімділігін арттыру үшін блокчейн технологиясына инвестиция салуда.

Блокчейн бухгалтерлік есепте деректердің бұрмалануына жол бермейтін қауіпсіз тіркеу жүйесін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, смарт-келісімшарттар арқылы автоматтандырылған қаржылық операцияларды басқаруға болады. Мысалы, IFRS 16 және ASC 842 стандарттарына сәйкес, жалға алу операцияларын есепке алу процесін жеңілдету үшін смарт-келісімшарттар қолданылады.

AI технологиясы да бухгалтерияға үлкен әсер етуде. Машиналық оқыту модельдері тарихи қаржылық мәліметтерді талдап, нарықтық трендтерді болжай алады. Сонымен қатар, AI қаржылық есептілікті автоматтандыруға, аномалияларды анықтауға және реттеуші талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуге көмектеседі. Мысалы, AI чат-боттар клиенттерге нақты уақыт режимінде қаржылық кеңес беруге және транзакцияларды қадағалауға мүмкіндік береді.

Бұл технологияларды біріктіре отырып, компаниялар бухгалтерлік процестерді жеделдетіп, шығындарды азайтып, қауіпсіздік пен дәлдікті арттыра алады. Сонымен қатар, бұл әдістер есеп беру процесін жеңілдетіп, кәсіпорындардың қаржылық денсаулығын нақты уақыт режимінде бағалауға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллекттің рөлі: деректерді талдау және қаржылық болжам жасау, құжаттарды өңдеу және сәйкестікті тексеру, алаяқтық операцияларды анықтау.

Блокчейннің рөлі: өзгертуге келмейтін қаржылық есеп жазбаларын сақтау, смарт-келісімшарттар арқылы автоматтандырылған операциялар, қаржылық деректердің ашықтығы мен қауіпсіздігі. Бұның артықшылықтары, қателер мен алаяқтықты азайтады, қаржылық есептіліктің дәлдігін арттырады, процестерді жылдамдатады. Жасанды интеллект (AI) пен блокчейн технологиясы бухгалтерлік есепті дамытудың маңызды бағыттарына айналды. AI үлкен деректерді талдау, қаржылық болжам жасау, есепті автоматтандыру және алаяқтықты анықтау арқылы бухгалтерлік процестердің тиімділігін арттырады. Ал блокчейн технологиясы қаржылық деректердің ашықтығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өзгермейтін және сенімді есеп жүйесін құруға мүмкіндік береді [5].

Бұл технологияларды біріктіру бухгалтерлік есептің дәлдігін жоғарылатып, тәуекелдерді азайтып, операцияларды жылдамдатуға көмектеседі. Сонымен қатар, смарт-келісімшарттар мен бұлтты есептеулер бухгалтерлердің күнделікті жұмысын жеңілдетіп, кәсіпорындар үшін қаржылық есепті жүргізуді автоматтандыруға ықпал етеді.

Дегенмен, AI мен блокчейнді енгізу жоғары бастапқы инвестицияны, күрделі техникалық интеграцияны және жаңа технологияларға бейімделуді талап етеді. Сондай-ақ, деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету мен реттеуші нормаларға сәйкестік мәселелері